



Егіндікөл

1971 жылдан шыға бастады • издаётся с 1971 г. • 25 сәуір • апрель - 2 мамыр • май 2011 жыл • год №16 (407)



Түркі әлемінің игіліктері мен құндылықтары жасампаздық жолына пайдаланылуы керек - Н. Назарбаев

Елордада өтіп жатқан ТүркіПА II-жалпы отырысына қатысушыларға Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев құттықтау жолдады. Мәжілісінің төрағасы, ТүркіПА кеңесінің төрағасы Орал Мұхамеджанов оқып берді.

«Түркі әлемі біздің мәдени мұраларымызды етене байланыстыратын алтын арқау. Түп тамырымыз бір, тарихымыз, дініміз және мәдениетіміз ортақ. Біздер осы игіліктеріміз бен құндылықтарымызды жасампаздық жолына пайдалануымыз қажет. Бүгінде тамырлас халықтардың неғұрлым тығыз жақындата түсу жолында Түркі кеңесі, Түріксоі, Түркі академиясы сияқты құрылымдар, сондай-ақ түркі тілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы арқылы нақты қадамдар жасауға мол мүмкіндік туып отыр. Ассамблея - Парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге аймақтық және халықаралық интеграциялық процестерді жандандыруға зор еңбек сіңіруде. Бұл игі қадамдар біздің елдеріміздегі бейбітшілікке, тұрақтылыққа және өркендеп дамуға жол ашуда», - делінген Елбасының құттықтау хатында. Сондай-ақ, Президент аталмыш басқосудың мемлекеттер мен халықтар арасындағы тиімді ынтымақтастық пен саяси диалогты жан-жақты дамытуға серпін беретініне сенім білдіреді.

Үкімет тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасын мақұлдады

Үкімет отырысында тұрғын үй коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасы мақұлданды.

Аталған бағдарлама бойынша БАҚ өкілдеріне сұхбат берген ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Әмірзақ Шөкеевтің айтуынша, елімізде тұрғын үй коммуналдық шаруашылықты жаңғырту 3 бағытта жүзеге асырылмақ. «Бірінші бағытта біз су, жылу, газ, электр энергиясымен қамтамасыз етілетін желілерді жаңартып, керек жерінде қайта салатын боламыз», - деді ол. Оның атап өтуінше, аталған бағыт бұған дейін өз түйінділігін көрсеткен «Жол картасы» бағдарламасына ұқсас. Дегенмен, өзгешеліктері де бар. Атап айтқанда, осы бағдарлама аясында барлық облыстардан, қалалардан тиісті жобалар жиналып, өте маңызды жүйелер қайта жаңғыртылып, жөнделетін болады.

Ал, екінші бағытта тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл екі тәсіл арқылы жүзеге асады. Бірінші тәсілде тұрғын үйлерде жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігін атап өткен Ә. Шөкеев, «Бұл бойынша біз облыстық әкімдерге Қаржы министрлігі тарапынан несие бөлетін боламыз. Облыс әкімдері қала әкімдерімен бірлесіп тиісті коммуналдық мекемелер құрады. Осыдан кейін тұрғындармен бірлесіп жоба әзірлеп ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізетін болады», - деді.

Оның сөзіне қарағанда, мемлекет тарапынан берілген несие пәтер иелері 10 жылдың ішінде қайтарады. Пайызы жеңілдетілген. Оның сөзіне қарағанда, облыс әкімдіктері жылына 150-170 үйге жөндеу жұмыстарын жүргізуге қауқарлы екендігін мәлімдеп отыр.

Екінші тәсіл түбегейлі күрделі жаңарту жұмыстарына бағытталған. «Бұл сәл өзгешелеу тетік. Ол үшін біз ең алғаш биылғы жылы барлық облыстарда ілкі жоба жасап, әр қаладан орташа есеппен 10 үйді таңдап алдық. Енді біз әлеуметтік корпорациялар арқылы күрделі жөндеу жұмыстарына несие беретін боламыз», - деді Ә. Шөкеев.

Оның сөзіне қарағанда, әкімдер тұрғындармен келісім-шартқа отырып, сол үйлерді түбегейлі күрделі жөндеуден өткізетін болады. Берілген ақша пәтер иелері есебінен ашылған шотқа аударылып 10 жылдың ішінде қайтарылады. «Бұл пайдалы тетік деп ойлаймын. Инфляция бар, 10 жылда берілген 10 мың теңге 200 теңге болады. Жұмыстардың барлығы қазір жасалады», - деп атап өткен Премьер-Министрдің бірінші орынбасары бұл тетікті тұрғындар үшін өте пайдалы екенін баса айтты.

2011 жылы Қазақстан экономикасының өсімі 7 пайыз болады - ҚР Экономикалық даму және сауда министрі Қ. Келімбетов

Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжауынша, 2011 жылы еліміз экономикасының өсімі 7 пайыз деңгейінде болмақ.

Бұл туралы Үкімет отырысында аталған ведомствоның басшысы Қайрат Келімбетов мәлім етті.

Министрдің сөзіне қарағанда, әлемдік тауар нарығындағы оң конъюктураны және бірінші тоқсандағы экономиканың жұмыс істеу нәтижелерін ескере отырып, министрлік ағымдағы жылы экономиканың 7 пайыздық өсіміне қол жеткізуі мүмкін деп есептейді.

Алдын ала бағамдар бойынша, тауар өндірісі 5,3 пайызға және қызмет көрсету 8,2 пайызға өсуі мүмкін. Осы орайда Қ. Келімбетов елімізде инвестициялық және іскерлік белсенділікті көтеруде банктердің несиелік белсенділігін қалпына келтіру керектігін айтты, сондай-ақ ол дағдарыстан кейінгі даму бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз ету керектігін жеткізді.

Бюджетті орындамаған әкімшілерден бөлінген қаржы кері қайтарылып алынады

Үкімет басшысы Қ. Мәсімов бюджетті орындамаған әкімшілерден бөлінген қаржы кері қайтарылып алынатындығын ескертті.

«Бірінші жарты жылдықтың қорытындысы бойынша, жыл соңына қарай бюджеттің орындалуы қалай болатындығы шамамен белгілі болады. Сондықтан бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ұсыныс енгізіңіздер. Қыркүйекте біз Парламентке нақтыланған бюджеттен баруға келісім сұраймыз. Және бюджетті кім орындамаса, ақшаны кері қайтарып аламыз. Қаржыны қажетті жерге жұмсайтын боламыз», - деді Қ. Мәсімов Үкіметтің бүгінгі отырысында.

Осы орайда Үкімет басшысы Қаржы министрі Болат Жәмішевке әкімшілік бюджеттің әкімшілермен орындалуы туралы ағымдық есепті ұсынды жүктеді.

Қ. Мәсімов өз сөзінде Мемлекет басшысының жүктеген тапсырмаларын әрі бірінші тоқсанның экономикалық қорытындыларын есепке алып, үкіметтік құжаттарға және стратегиялық жоспарларға сәйкесінше өзгертулер енгізу қажеттігін баса айтты.

Қазақстан халықтары бірлігі Күнімен!

Атаулы мереке-Қазақстан халықтары бірлігі күні-еліміздегі тұрып жатқан түрлі этностардың құрылуындағы достықтың, ауызбіршіліктің символы болып қала береді. Бүгінде Егіндікөл ауданында 18 астам түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті тұрып жатыр. Еліміздегі береке-бірліктің, сенімділіктің, саяси тұрақтылықтың арқасында Қазақстанды бүкіл әлем мойындап отыр. Сондықтан да біздің негізгі мақсатымыз, халықтар арасындағы келісім мен достықты нығайту, сақтау болып табылады. Бұл еліміз бен туған ауылымыздың

гүлденуімен экономикамыздың серпінді нығайып, дамуының басты кепілі болып қалады. Құрметті жерлестер, Қазақстан халықтары бірлігі күнімен шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар! Сіздердің әрқайсысыңыз әрқашан да барлық жерде өздеріңізді түрімізге, тілімізге, дінімізге, ұлтымызға қарамай бақытты сезінуге тиіссіздер, өйткені біздің барлығымызды біріктірген тарихи тағдырымыз бір. Өйткені, біз жарқын болашаққа бірге қадам басқан қазақстандықтармыз! Сіздерді осы мерекемен құттықтай отырып, отбасыларыңызға береке, бақыт, түсіністік пен сенімділік және біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасының жарқын болашағының жолында жаңа табыстар тілеймін!

Аудан әкімі **Болат Сұлтанов**

Құрметті жерлестер! Қымбатты достар!

Қазақстан халқының бірлігі күнімен шынайы құттықтауларымды қабыл алыңыздар!

Мемлекетіміздің басты игілігі болып ұлтаралық және конфессияаралық келісім, өзара түсінушілік пен қадірлестік табылады. Осы күн үнемі халық достығы, бейбітшілігі мен бірлігі, қоғам тұрақтылығы мен тыныштығының символы болып қала берей.

Сіздерге және жанұяларыңызға денсаулық, бақыт, бейбітшілік пен келісім тілеймін!

В. Котович,
Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаты

С Днем единства народа Казахстана!



Знаменательный праздник — День единства народа Казахстана — стал символом дружбы, сплоченности и созидания разных этносов, проживающих в стране. Сегодня в Егіндыкольском районе проживают более 18 представителей разных национальностей. Благодаря единству народа, доверию и толерантности Казахстан знают во всем мире. Поэтому основной нашей задачей является

сохранение, укрепление согласия и дружбы между народами. Это — залог успешного развития, укрепления экономики, процветания страны и родного села. Позвольте от всей души горячо и сердечно поздравить Вас, дорогие земляки, с замечательным весенним праздником — 1 Мая. Пусть каждый из Вас всегда и во всем чувствует себя счастливо, невзирая на язык, цвет глаз, вероисповедание, нацию, потому что нас объединила общая историческая судьба. Потому что, мы все — казахстанцы, идущие вместе рука об руку в свое будущее!

Желаю в этот праздничный день благополучия в ваших семьях, счастья, понимания, доверия и светлого будущего для нашей Родины — Республики Казахстан.

Аким района **Болат Сұлтанов**

Уважаемые земляки! Дорогие друзья!

Примите мои самые искренние поздравления с Днем единства народа Казахстана!

Главным достоянием нашего государства является межнациональное и межконфессиональное согласие, взаимопонимание и взаимоуважение. Пусть этот день всегда будет символом дружбы, мира и единства народа, стабильности и спокойствия общества.

От всей души желаю вам и вашим семьям здоровья, счастья, мира и согласия!

В. Котович,
Депутат Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

Новости недели

Состоялась встреча с избирателями



На прошлой неделе депутаты Сената и Мажилиса Парламента Серик Конакбаев, Светлана Джалмагамбетова, Наталья Геллерт и Серик Аяганов посетили Егіндыкольский район, встретились с активом района, посетили одну из районных школ, где

разрабатывались и завершили, что будут информировать представителей власти о проблемах региона.

соб. инф.

Впереди - сев

В среду в большом зале районного акимата состоялась совещание аграриев, где речь шла о готовности и задачах по организованному проведению весенне-полевых работ 2011 года.

В фойе акимата представители сервис-центров и фирм – поставщиков сельхозтехники, средств защиты растений, действующие на аграрном рынке Казахстана, представили свою продукцию.

На совещание были приглашены руководители сельхозформирований и крестьянских хозяйств, научно-исследовательских учреждений, акимы сел и сельских округов, руководители рай-

онных отделов и ведомств.

На совещании с докладом о готовности и задачах по организованному и качественному проведению весенне-полевых работ 2011 года выступил заместитель акима района К. Шинтемиров, об особенностях проведения весеннего сева нынешнего года информировал присутствующих заместитель директора «НПЦ зернового хозяйства им. А. Бараева АО «КазАгроИнновация» В. Шашков, о проводимых мониторинговых, карантинных и защитных мероприятий по борьбе с вредителями, болезнями и сорной растительностью на посевах сельхозкультур дал

Продолжение на странице 2



Прокуратура Егіндыкольского района сообщает, что каждую первую среду месяца прокурором района Куанышбаевым Д.С. совместно с районным филиалом НДП «Нур

Отан» в общественной приемной районного филиала НДП «Нур Отан» по адресу: с. Егіндыколь, ул. Победы, 6 проводится прием граждан.

Продолжение. Начало на странице 1
разъяснение начальник ГУ «Районная территориальная инспекция» КГИ в АПК МСХ РК Ж.



Жаканов, о комплексной защите зерновых культур, о химических средствах выступили представители торговых компаний. На совещании были обсуждены актуальные задачи по организованному проведению весеннего сева, заслушаны рекомендации ученых, и самое главное – выработана наиболее приемлемая и оптимальная

стратегия и тактика проведения посевных работ.

Как было отмечено на совещании, нужно принять все исчерпывающие меры для того, чтобы свести до минимума все риски, связанные с капризами погоды, обеспечить выполнение в полном объеме апробированных рекомендаций и технологий проведения весенне-полевых работ.

соб. инф



благоустройство

Ударим штрафом по несоблюдению чистоты

25 апреля состоялось в районном акимате состоялось рабочее совещание по взаимодействию контролирующих и местных исполнительных органов при проведении мероприятий по санитарной очистке и благоустройству. В работе совещания приняли участие аким района Б. Султанов, заместитель директора департамента Госсанэпиднадзора по Акмолинской области А. Тегжанова, представители районных контролирующих органов: РОВД, госсанэпиднадзора, охраны окружающей среды, противопожарной службы.

Председатель районной комиссии по благоустройству, заместитель акима района Ж. Исакова отчиталась о выполнении мероприятий месячника по благоустройству в Егіндыкольском районе, подчеркнув необходимость постоянной работы в этом направлении.

Заместитель директора департамента Госсанэпиднадзора по Акмолинской области А. Тегжанова информировала представителей контролирующих органов о необходимости строгого контроля за чистотой в населенных пунктах и их благоустройстве в преддверии празднования 20-летия Независимости РК.

Контроль за уборкой и благоустройством территории, прилегающей к частным домовладениям, стихийными свалками осуществляется участковыми инспекторами подразделений внутренних дел, контроль за демонтажем и вывозом заброшенных и ветхих зданий, рекультивацией должен осуществляться органами государственного архитектурно-строительного контроля. По ликвидации и вывозу стихийных свалок с территорий населенных мест – администраторами бюджетных программ – отделом жилищно-коммунального хозяйства посредством контроля за исполнением тендерных обязательств поставщиками услуг. По поручению главы области контролирующим органам дано поручение об усилении контроля за объектами водоснабжения.

В случае выявления нарушений применяются меры административного воздействия – штрафы, предписания, постановления о приостановлении эксплуатации и информируются местные исполнительные органы.

соб. инф.

«Жасыл жапырақ» акциясы

Еліміз бойынша республикалық ауқымда өткен «Жасыл жапырақ» акциясына Егіндікөл ауданының барлық мемлекеттік ұжымдары жұмыла атсалысты. Қазіргі таңда экологиялық



мәселелер, қоршаған ортаны қорғау – ең маңызды мәселенің бірі болып қала береді. «Бір тал кессең, он тал ек» деген қағиданы басшылыққа алған орталық алаңға жиналған көпшілік барлығы



біріксідей бұл акцияға қатысты. Бұл күні әртүрлі ағаштар тал, терек, үйеңкі сияқты 300 түп жасыл желек отырғызылды. Өткен жылы отырғызылған ағаш көшеттері де, көз тартып бой көтеріп қалыпты. Ал жерсінбей, еспей қалған ағаштардың орнына қосымша тағы да жасыл желектер отырғызылды. Ауданымыздың сырт келбетін өзгертіп, гүлденіп, өсуіне шын көңілдерімен, өз ықыластарымен атсалысқан егіндікөлдіктердің отырғызған көшеттері ауданымыздың эстетикалық жағдайын жақсартып, әсем табиғатына қосқан үлестері болары сөзсіз.

өз тілшіміз

Здравствуй, птичья страна!



15 апреля в Егіндыкольской средней школы №2 была проведена акция «Здравствуй, птичья страна!» Учащиеся с 0 по 7 класс подготовили скворечники для птиц, плакаты, речёвки и проследовали по улицам Егіндыколя в парк, где на деревьях



установили домики для птиц. Агитбригада, состоящая из учеников 5-бклассов, прошли по улицам, организациям, и призвала жителей благоустроить территории вокруг домов, зданий. Ведь Казахстан – это наша страна, а Егіндыколь – это наш дом. Когда в доме отличная погода, теплая и дружеская атмосфера, чистота и порядок – хорошо. А когда это в «большом» доме, то есть в селе, – это здорово!

соб. инф.

Семейному бизнесу – СТО ВИДОВ

В целях исполнения поручения Президента по развитию сельского предпринимательства, НДП «Нур Отан» совместно с Правительством и НЭПК «Союз «Атамекен» разработала пакет информационно-справочных материалов по 100 видам семейного бизнеса. По сути, это – путеводитель для начинающего предпринимателя, в котором подробно расписаны технологии организации и ведения бизнеса, примерные экономические расчеты, а также содействие в получении микрокредитов. Пилотный проект стартовал в Павлодарской области, но эта акция должна охватить все регионы.

Для реализации проекта «Ертеңі үшін аянба!» необходима консолидация усилий и ресурсных возможностей всех компетентных структур, чтобы оказать реальную помощь тем, кто желает завести собственное дело либо получить специальность, востребованную на рынке труда.

Стоит отметить, что социальные вопросы тесно взаимосвязаны с реализуемой новой экономической политикой, направленной на поднятие отечественного производства. И здесь особое внимание уделяется развитию МСБ. В целом, государство сегодня готово предложить в рамках новой индустриальной политики более ста инструментов поддержки предпринимательства, заложенных в программах – «Дорожная карта бизнеса-2020» и посткризисного восстановления (оздоровления) предприятий, «Производительность-2020», программах поддержки экспортеров и привлечения инвестиций.

Б. Камиев,

начальник районного отдела СЗН

Мәдениет

Туған жердің-Самалы

Өткен жұмада аудандық Мәдениет үйінде аталмыш ұжымның қызметкері Мусина Самалдың «Туған жердің-Самалы» атты алғашқы есеп беру концерті өтті. Өнші қыздарының өнерін тамашалауға үлкенді-кішілі егіндікөлдіктер тегіс келді. Самал сахнадан бөрімізге танымал болып жүрген «Айналайын» бишілер тобының жетекшісі ретінде де көптеген жұмыстар атқарып, балаларға бідің түрлі қыр-сырын меңгертіп, әртүрлі



ұлттың билерін үйретуде. Атап айтсақ, «Қара жорға» биі, испан биі, Санта клаус биі, ұйғыр, өзбек халқының билері, Африка биі, т.б.

Алғашқы концерті болғандықтан, басында аздап қобалжығанымен, Самалдың есепті концертін көпшілік жылы қабылдады. Концерт соңында аудан әкімінің орынбасары Шынтеміров Қабікен Ағыбайұлы Самалға шығармашылық табыс тілеп, келешекте орындаушылық шеберлігін шыңдай түсіп, ауданымыздың мәдениетін дамытуға үлес қоса беруі үшін әкімшілік атынан алғыс хат, бағалы сыйлықтарын тапсырды. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Аян Кемалов, Мәдениет үйінің директоры Олжас Садыбеков құттықтап, өздерінің ұжымдарының атынан ақжарма ниеттерін білдіріп, шығармашылық табыс тілеп, сыйлықтарын тапсырды. Самалға тілектес боп келген ата-анасы, ағайын туыстары гүл шоқтарын табыс етіп, шашу шашып, өнші қыздарының келешекте үлкен биіктерден көріне беруіне тілек білдірді.

Г.Түсіпбекова

Табиғат – екінші үйің

Өткен сейсенбіде №2 ЕОМ базасында экологияға арналған аудандық семинар өтті. Семинардың ашылу салтанаты мектептің талғамға сай әсем безендірілген акті залында өтіп, қонақтар назарына мектеп өмірінен түсірілген бейне роликтер көрсетілді. Семинарға қатысушыларды аудандық әдістемелік орталықтың меңгерушісі Л.А.Шевцова құттықтап, сахна шымылдығын «Қара жорға» биімен билеп ашқан №1 Егіндікөл орта мектебінің бишілер тобын, шашу шашқан биші қыздар мен №2 мектептің дайындаған концерттік бағдарламасы да қонақтардың көңілінен шықты. Алғашқы сабақ қазақ тілінде аталмыш мектептің қазақ тілі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Табиғатты аялайық» деген тақырыпта өтті. Балалар табиғатқа деген өздерінің сүйіспеншіліктерін, экологияға деген өздерінің көзқарастарын түрлі көріністермен, өлең жырларымен әдемі жеткізе білді. Семинарға қатысушылар 9 сыныпта биология пәнінен О.И.Пиццентий өткізген «Адам мен табиғат. Бүгін және ертең» атты эколог, биолог, географ, технолог, астрофизиктердің табиғаттың ертеңі мен болашағы жайлы ой толғаған конференция сабағына қатысты. Қонақтар назарына акті залында өткен «Көгілдір шатыр астындағы үй» сыныптан тыс шарасы көрсетілді. Табиғатты қорғау бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді, өйткені мәселе адамның өмір сүретін ортасы, болашақ ұрпақтардың өмірі туралы болып отыр.

өз тілшіміз

Чернобыль апатына 25 жыл



Чернобыль атом станциясындағы алапат апатқа биылғы жылы 25 жыл толды. 1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом станциясында 4 реакторында жойқын жарылыс болып, жарылыстың

әсері Жапонияның Хиросима қаласына тасталған атом бомбасынан 400 есеге артық болған еді. Сол кезде ядролық апаттың салдарын жоюға қатысқандардың 98 пайызы әскерилер болатын. Жалпы, бұл апатты залалсыздандыруға 600 мың адам қатысса, оның ішінде 31740 қазақстандықтар да өз үлестерін қосты. Қаншама жан радиацияның құрбаны болып, өмірден қолтасса, мүгедек болып қалғандар қаншама.

Сол апатты аймақта бір жарым жыл Отан алдындағы әскери борышын мінсіз өтеген біздің жерлесіміз Садуақасов Жақия Рымбайұлын әңгімеге тартқан едік.

-1984 жылы Калинин совхозында Жалманқұлақ орта мектебін бітірген соң, бір жылдан соң Отан алдындағы әскери борышымды өтеуге Грузияның астанасы Тбилисиге аттандым. Жарты жылдай Грузияда әскер қатарында қызмет еткен соң, 1986 жылы мамыр айының басында жарылыс болған Чернобыль апатты аймағына ұшақпен аттандырды. Біздің арнайы жасақталған «Күзет» ротасының негізгі міндеті апат болған аймақтың 30 шақырым аумағында күзетті бақылайтынбыз. Бос, иесіз тастап кеткен хуторлардағы үй-жайларды тонау, ұрлыққа жол бермеу үшін есік-терезелеріне қағаз жапсырып, мөрмен бекітеміз. Ол кезде Кеңес Одағының сыртқа ешқандай құпия мәліметтердің шықпауын қатаң қадағалайтын кезі ғой. Әсіресе, шетел тілші, журналистерін кіргізбеу, тіпті қарапайым азаматтарды да жақындатпау қатаң бақылауға алынатын. Аузы басымыздан тұмшаланған таңғышымызды шешуге тийім салынатын. Алайда, апаттың салдарын залалсыздандыруға қатысқан көптеген жас әскерилер, алғашқы бетте білместіктің салдарынан өз денсаулықтарына зор зиян келтірді. Қазіргі кезде ай сайын әлеуметтік жәрдемақы төленеді, жылына бір рет дәрігерлік тексеруден өтіп тұрамын, - дейді.

Жақия қазіргі таңда ауданымыздағы «Аскоп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде мезанизатор болып еңбек етіп келеді. 1991 жылы желтоқсанның 28-інде жолдасы Тотыммен отау құрып, екі бала тәрбиелеп өсіреді. Біздің кейіпкеріміз биылғы жылы отбасын құрғанына 20 жыл толуын, Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс атап өтпекші.

25 лет со дня Чернобыльской катастрофы

Исполнилось 25 лет со дня Чернобыльской катастрофы, серьезнейшей ядерной катастрофы за всю историю планеты. В атмосферу было выброшено 190 тонн радиоактивных веществ. Четверть века назад власти почти три дня скрывали от всего мира то, что произошло в Чернобыле. Они на 36 часов задержали эвакуацию населения. Сегодня мы расскажем о ликвидаторах – людях, которые работали в той зоне, едва ли не без всякой защиты. О таких катастрофах, как в Чернобыле и Фукусиме необходимо рассказывать правду.

Андрей Пяхин в апреле 1986 отбывал срочную службу в химических войсках в городе Днепропетровске. 1 мая их, солдат, подняли по тревоге и отправили, как объяснили, на ликвидацию взрыва. Только несколько позже они поняли все о природе взрыва, когда буквально за день в прилегающей к четвертому реактору лесополосе превратились из зеленых в коричневые молодые елочки, а птицы, пролетая над реактором, сыпались на землю обугленными головешками – температура над горящим реактором достигала несколько сот градусов.

В перерывах между выездами к реактору солдаты спасались от радиации в специально приспособленных бункерах.

Передвигаясь по 30-километровой Чернобыльской зоне на машине вместе с командиром, Андрея поражало полное отсутствие людей в только вчера живых и заселенных деревнях и городках. Два месяца Андрей вместе со своими сослуживцами находился в самом центре катастрофы, о чем сегодня напоминает цитовидная железа, первый орган, который поражает радиация и выпадающие зубы, такие же проблемы со здоровьем и у других ликвидаторов, с которыми Андрей встречается ежегодно в санатории.

Но жертва, принесенная ликвидаторами аварии, была не напрасной. Они жизнью своей дали возможность нам жить, они защитили нас от огненного чрева взорванного ядерного реактора.

соб. инф.



На снимке: сегодня Андрей Пяхин – сотрудник Егіндыкольского РОВД

Мемлекеттік рәміздер

«Тәуелсіз Елдің – рәміздеріне құрмет» патриоттық акциясы

Мемлекеттік нышандарды білу – бұл маңызды қоғамдық, саяси үрдіс. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау тек мемлекеттік мекемелер немесе тұлғалардың ғана міндеті емес, ол ортақ іс болып саналады. Мемлекет Басшысының мемлекеттік рәміздердің насихатталуы мен қолданылуына аса көңіл бөлуі де тегін емес.

“Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер” Н. Назарбаев.

Қазақстан Республикасының 20 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар өткізуге байланысты Ақмола облысының жастар ұйымдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін таныту мақсатында «Тәуелсіз Елдің – рәміздеріне құрмет!» атты ерікті патриоттық акцияға шықты.

Еріктілер тобына қатысқандар – Қазақстан Республикасының 20 жылдық мерейтойын атауға байланысты құрылған облыстық қоғамдық штабы, «Жас Отан» жастар қанаты, Көкшетау қаласы жол полициясының оқу мекемесіндегі жас инспекторлар. Еріктілердің патриоттық акцияны өткізуге Ақмола облысының

ішкі саясат басқармасы мен ІІД жол полициясы басқармасы қолдау көрсетті.

Акция мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетуге, Қазақстанның рухани және мәдени мұраларын дәріптеуге, патриоттық құндылықтарды насихаттауға, белсенді өмір мен азаматтық үрдісті қалыптастырудың негізі болды.

Акцияны өткізу барысында жол полициясының жас инспекторлары автокөлік жүргізушілерге арнайы ішкі салонға арналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы логотипі бейнеленген стикерлерді естелік ретінде таратты. Сондай-ақ «Нұр Отан» ЖДП-ның «Жас Отан» ЖҚ мүшелеріне еліміздің мемлекеттік рәміздерінің шығу тарихы туралы ақпараттық-танымдық жұмыстар ұйымдастырылды және олардың қолдану аясы туралы да сұрақтар қарастырылды. Жол полициясы қызметкерлері жол жүру қауіпсіздігі туралы ақпараттық материалдар таратты.

Жалпы айтқанда, «Тәуелсіз Елдің – рәміздеріне құрмет!» атты патриоттық акция іс жүзінде бекітілген іс-шара ғана болған жоқ, сонымен қатар қызықты да мағыналы шағын мереке болды.

Патриотическая акция

«Тәуелсіз Елдің – рәміздеріне құрмет!»

Познание атрибутов государственности – это важный общественно-политический процесс. Пропаганда государственных символов не является прерогативой отдельно взятых государственных учреждений или лиц, а является общим делом. Не случайно Глава государства придает особое значение пропаганде и применению государственных символов.

«Во все времена и у всех народов емким и концентрированным олицетворением государственности и независимости выступали государственные символы. У нас есть величественные, идейно богатые герб, флаг и гимн», сказал Н. Назарбаев.

В рамках мероприятий, посвященных празднованию 20-летия Независимости Республики Казахстан, молодежные органи-

Воспитание патриотов

22 апреля в конференц-зале Кокшетауского университета им. А. Мырзахметова состоялась конференция на тему: «Роль государственных символов в воспитании казахстанского патриотизма», посвященная 20-летию Независимости Республики Казахстан.

Организаторы мероприятия - акимат Ақмолинской области и Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова.

Основная цель конференции – формирование в мировоззрении подрастающего поколения уважительного отношения к государственным символам, пропаганда ценностей казахстанского патриотизма, популяризация духовного и культурного наследия народа Казахстана.

В конференции приняли участие члены инспекционной группы Республиканской комиссии по государственным символам при Президенте Республики Казахстан, представители государственных органов, творческой и научной интеллигенции, руководители учреждений образования, студенты высших учебных заведений.

Мероприятие открылось демонстрацией фильма о государственных символах Республики Казахстан, подготовленного областным филиалом «РТРК «Казахстан».

Открывая конференцию, начальник управления внутренней политики Ақмолинской области Шукеева Г.Б., подчеркнула, что «главными атрибутами Независимости и основой государственной идеологии являются государственные символы, олицетворяющие многовековую мечту народа о суверенитете. Почитание и уважительное отношение к ним, формирование на основе государственных символов казахстанского патриотизма - гражданский долг каждого гражданина РК и важное направление государственной внутренней политики.

Данное направление работы приобретает политическое значение особенно сегодня – в преддверии празднования 20-летия Независимости. В этом контексте, пропаганда государственных символов является краеугольным камнем идеологической работы не только государственных органов, но институтов гражданского общества и молодежи.

Определяя значимость государственных символов, Президент страны, Лидер нации Н. А. Назарбаев отметил: «Во все времена и у всех народов емким концентрированным олицетворением государственности и независимости выступали государственные символы. У нас есть величественные, идейно богатые Флаг, Герб и Гимн».

Символика независимого Казахстана узнаваема и известна всему миру. Его Флаг, Герб и Гимн являются неотъемлемой частью целостного образа страны, ее имиджа.

С приветственным словом выступили руководитель инспекционной группы, начальник управления департамента общественно-политической работы Министерства культуры Республики Казахстан Алпысбеков Бернат Канатович, ректор Кокшетауского университета им. А. Мырзахметова, депутат Ақмолинского областного маслихата Елюбаев Сагинтай Зикенович.

Консультант по молодежной политике АОФ НДП «Нұр Отан» Мырзахметов М.Б. в своем выступлении отметил, что понятие патриотизма имеет очень глубокое, труднооценимое значение. Патриотизм – это чувство ответственности за ее судьбу, готовность и способность служить ее интересам. Подрастающее поколение, переживая эпохальные преобразования, стало свидетелем успехов своей Родины, которая благодаря неоценимому вкладу Лидера нации, Президента РК Н.А. Назарбаева строит новое государство и удивляет своими амбициозными, масштабными преобразованиями все международное сообщество.

«Государственные символы выступают проводниками надежды, мечты и чаяний, устремленных в завтрашний день» - подчеркнул студент Кокшетауского института экономики и менеджмента Иванов И.С.

В ходе проведения конференции также выступили: Бекмагамбетова А.М. – студентка Кокшетауского университета им. А. Мырзахметова на тему: «Государственные символы в патриотическом воспитании современной молодежи»; студент Кокшетауского колледжа культуры Есекеева А.С. на тему: «Воспитание гражданственности и уважения исторической памяти посредством воспитания государственных символов»; преподаватель Кокшетауского казахского колледжа Исин А.М. на тему: «Почитание и уважительное отношение к государственным символам – гражданский долг каждого гражданина и важное направление государственной стратегии»; курсант Кокшетауского технического института МЧС РК Шпак О.К. на тему: «Роль государственных символов в патриотическом воспитании учащихся военных учебных заведений».

В рамках проведения конференции организована книжная выставка на тему: «Символы Казахстана: история и современность».

Мероприятие завершилось исполнением патриотической и всенародной любимой песни «Атамекен».

Управление внутренней политики
Ақмолинской области

заций Ақмолинской области выступили с инициативой проведения патриотической акции «Тәуелсіз Елдің – рәміздеріне құрмет!», посвященной популяризации государственных символов Республики Казахстан.

В инициативную группу вошли – Областной общественный штаб по празднованию 20-летия Независимости Республики Казахстан, молодежное крыло «Жас Отан», юные инспектора дорожного движения учебных заведений города Кокшетау. Инициативу проведения патриотической акции поддержали управление внутренней политики и управление дорожной полиции ДВД Ақмолинской области.

Целью акции стало формирование уважительного отношения к государственным символам, популяризация духовного и культурного наследия Казахстана, пропаганда ценностей патриотизма, активной жизненной и гражданской позиции.

В ходе проведения акции юные инспектора дорожного движения раздавали водителям автотранспортных средств сувенир – Государственный Флаг Республики Казахстан, стикер с изображением логотипа 20-летия Независимости Республики Казахстан, изготовленный специально для внутрисалонного применения. Здесь же представителями МК «Жас Отан» НДП «Нұр Отан» была организована информационно-разъяснительная работа по истории создания государственных символов страны, а также по вопросам их применения. Сотрудники дорожной полиции раздавали информационный материал по безопасности дорожного движения.

В целом, патриотическая акция «Тәуелсіз Елдің – рәміздеріне құрмет!» стала не просто официально требуемым мероприятием, а интересным и содержательным небольшим праздником.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік сапаларына талапты арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығына

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары)

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Қоғам мемлекеттік қызметшісі өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына адал да қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің осы ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары) (бұдан әрі – Кодекс) «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілері мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

Мемлекеттік органдардың басшылары, орталық атқарушы органдарда -орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органдардың жауапты хатшыларының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғалар, ал орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары немесе көрсетілген лауазымды тұлғалар болмаған жағдайда – орталық атқарушы органдардың басшылары осы Кодекс талаптарының орындалуын, осы Кодекстің мәтінін мемлекеттік органдардың ғимараттарында баршаға көрінетіндей жерлерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке тұрғаннан кейін бір ай ішінде осы Кодекспен жазбаша түрде таныстырылуы тиіс.

2. Мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жалпы қағидалары

5. Мемлекеттік қызметшілер:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекет институттарының беделін түсіруге ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

2) заңдылық қағидаларын, Қазақстан Республикасы Конституцияның, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;

3) қоғам мен мемлекеттің игілігіне қызмет етуге;

4) мемлекеттің мүддесіне залалын тигізетін, мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

5) сеніп тапсырылған мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарап, оны ұтымды әрі тиімді пайдалануға;

6) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін қарау кезінде төрешілік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

7) мемлекеттік қызметке және мемлекет институттарына қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға;

8) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, оң сын-ескертпелерді кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

9) адал, әділ, қарапайым да сыпайы болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға;

10) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

О Кодексе чести государственных служащих Республики Казахстан

Указ Президента Республики Казахстан от 3 мая 2005 года N 1567

САПП Республики Казахстан, 2005 г., N 19, ст. 225; «Казахстанская правда» от 5 мая 2005 года N 110-111

В целях повышения требований к морально-нравственному облику и деловым качествам государственных

Кодекс чести государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих)

Сноска. Кодекс чести в редакции Указа Президента РК от 01.04.2011 № 1180.

1. Общие положения

1. Несение государственной службы является выражением особого доверия со стороны общества и государства и предъявляет высокие требования к морально-этическому облику государственных служащих.

Общество рассчитывает, что государственный служащий будет вкладывать все свои силы, знания и опыт в осуществляемую им профессиональную деятельность, беспристрастно и честно служить своей Родине - Республике Казахстан.

2. Настоящий Кодекс чести государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих) (далее - Кодекс) в соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 июля 1999 года «О государственной службе», Законом Республики Казахстан от 2 июля 1998 года «О борьбе с коррупцией» и общепринятыми морально-этическими нормами устанавливает основные стандарты поведения государственных служащих Республики Казахстан.

3. Руководители государственных органов, в центральных исполнительных органах - ответственные секретари центральных исполнительных органов или должностные лица, на которых в установленном порядке возложены полномочия ответственных

(Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., №19, 225-құжат; 2007 ж., №43, 499-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін: аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

11) мемлекеттік және еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, туралықпен және сапалы атқаруға; жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;

12) жоғары кәсіби жұмыс үшін қажетті күш-жігерін салуға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы да үнемді әдістерін қолдануға;

13) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

14) кадрларды туысқандық, жерлестік және жеке өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

15) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға, анық орындай алмайтын өкімдер бермеуге, бағынысты қызметкерлерден олардың қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге;

16) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік фактілеріне жол бермеуге;

17) бағынысты қызметкерлерді құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалармен үйлеспейтін іс-әрекеттер жасауға мәжбүр етпеуге;

18) кәсіби дайындықтың, оның ішінде орындалуы бағынысты қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша, қажетті деңгейіне ие болуға;

19) басқа мемлекеттік қызметшілердің тарапынан қызметтік этика нормаларын бұзу фактілерін болдырмауға және жолын кесуге;

20) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киім киюдің іскерлік стилін ұстануға тиіс.

6. Мемлекеттік қызметшілер іскерлік этикетті сақтауға, ресми мінез-құлық қағидаларын құрметтеуге тиіс.

7. Мемлекеттік қызметшілер қызметтік жағдайларын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне, оның ішінде өзінің оларға көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауға тиіс.

Басшы лауазымдар атқаратын мемлекеттік қызметшілер бағынысты қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.

3. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы

8. Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан болатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуі тиіс.

9. Егер мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы дәйекті ақпараты болса, ол мұндай құқық бұзушылықтың алдын-алуға және жолын кесу жөнінде қажетті шаралар қолдануы тиіс.

Қажетті шараларға уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар ету және жоғары тұрған басшыны, мемлекеттік орган басшылығын хабардар ету жатады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпарат алғаннан кейін мемлекеттік органның басшылығы олар бойынша, оның ішінде, егер оның іс-әрекеттерінде мемлекеттік қызметшінің қызметін одан әрі жалғастыруға теріс ықпал ететін заңнама бұзушылықтар болмаса, мемлекеттік қызметшіні заңсыз қудалаудан, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

ных служащих ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Утвердить прилагаемый Кодекс чести государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих).

2. Признать утратившими силу:

1) Указ Президента Республики Казахстан от 21 января 2000 года N 328 «Об утверждении Правил служебной этики государственных служащих Республики Казахстан» (САПП Республики Казахстан, 2000 г., N 2, ст. 16);

2) Указ Президента Республики Казахстан от 7 мая 2002 года N 866 «О внесении дополнений и изменений в Указ Пре-

Қазақстан Республикасының Президенті Н.НАЗАРБАЕВ. Астана, Ақорда, 2011 жылғы сәуірдің 1-і. №1180.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 1180 Жарлығына қосымша Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген

10. Мемлекеттік қызметшілер өз іс-әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын өкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеулері тиіс. Мұндай фактілер анықталған жағдайда мемлекеттік қызметшілер оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға тиісті.

11. Мемлекеттік қызметшілер мемлекетке экономикалық залалдың алдын-алу жөнінде барлық мүмкіндіктерді пайдалануы, жеке мүдделеріне және үшінші тұлғалардың мүдделеріне орай тексерулерге бастамашылыққа жол бермеуі тиіс.

12. Мемлекеттік қызметшілер жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді қолданбауға тиіс.

13. Мемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысын болғызбау үшін шаралар қолдануы тиіс.

14. Мүдделер қақтығысы туындаған ретте, яғни мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделілігі және оның өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше атқаруының немесе жеке заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің арасында осы заңды мүдделерге зиян тигізетіндей қайшылық туындайтын жағдайда, мемлекеттік қызметші оның жолын кесу және реттеу жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

4. Көпшілік алдында сөйлеу

15. Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

16. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;

3) мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке сай емес сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруіне болмайды.

17. Мемлекеттік саясатты жүргізумен, мемлекеттік органның және мемлекеттік қызметшілердің қызметтерімен байланысты емес мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органның атынан жариялымдарына жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдар жариялауды мемлекеттік қызметші жеке тұлға ретінде тек өз атынан жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық жасаған, оның ішінде кәсіпкерлік қызметпен айналысқан, біреулердің мүдделерін қолдаған, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің табысымен сәйкеспейтін заңсыз табыс пен мүлік алған деп негізсіз көпшілік алдында айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзім ішінде оны теріске шығару, оның ішінде сот арқылы теріске шығару жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

5. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы

19. Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылдаған этикалық нормаларды ұстанулары, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуі тиіс.

20. Мемлекеттік қызметшілер қарапайымдылық танытуға, көлік, сервистік және өзге де қызметтерді алу кезінде мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп туғызбауға тиіс.

зидента Республики Казахстан от 21 января 2000 года N 328» (САПП Республики Казахстан, 2002 г., N 14, ст. 137).

3. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

Президент

Республики Казахстан

УТВЕРЖДЕН

Указом Президента

Республики Казахстан

от 3 мая 2005 года

№ 1567

нию государственных органов;

5) бережно относиться к вверенной государственной собственности, рационально и эффективно использовать ее;

6) обеспечивать соблюдение и защиту прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц, не допускать проявлений бюрократизма и волокиты при рассмотрении их обращений, в установленные сроки принимать по обращениям необходимые меры;

7) сохранять и укреплять доверие общества к государственной службе и институтам государства;

8) своими действиями не давать повода для обоснованной критики со стороны общества, не допускать преследования за критику, использовать конструктивную критику для устранения недостатков и улучшения своей деятельности;

9) быть честными, справедливыми, скромными и вежливыми, соблюдать общепринятые морально-этические нормы;

10) способствовать укреплению единства народа Казахстана и межгосударственного согласия в стране, уважительно относиться к государственному и другим языкам, традициям и обычаям народа Казахстана;

11) неукоснительно соблюдать государственную и трудовую дисциплину, эффективно распоряжаться предоставленными полномочиями; добросовестно, беспристрастно и качественно